



## Білімнің биік белесі

Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын – педагогтер қауымы. Ұстаздар арқылы адами капиталдың қалыптасуы білім беру саласының едәуір дәрежедегі тиімді жұмысына тікелей байланысты. Осы тұрғыда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласы қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсартып, беделін арттыруға ерекше көңіл бөледі. Бұған 2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» жеке Заңның қабылдануын, соңғы төрт жылда ұстаздардың жалақысы 2 есе артқанын көріп, көз жеткіздік.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Білікті ұстаз даярлауға мән берілді

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, бүгінде қазақстандық 7 925 мектепте 3,9 млн оқушы оқиды. Биыл 377 372 бала алғаш рет мектеп табалдырығын аттады, ал 11 сыныпқа 219 мың оқушы көшті. 4 млн-ға жуық балаға 400 мыңға жуық педагог сабақ береді.

«Педагог мәртебесі туралы» Заңның аясында мұғалімдердің еңбек жағдайы жақсарып келеді. Міндетіне кірмейтін артық жұмыстың бәрін алып тастау шаралары қабылданғалы бүгінде мұғалімдер тек екі құжат толтырады. Олар – электрондық журнал және оқу жоспары. Сонымен қатар, барлық облыста педагогтердің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңестер ашылып, жалақысы 2 есеге арты. Жақында балабақша тәрбиешілерінің айлығы 30 пайызға көбейді. Ұстаздардың еңбек демалысы ұзартылды.

Қазіргі таңда ұстаздардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне баса мән берілуде. «Болашақ» бағдарламасымен үш жылда 220-ға жуық педагог шетелде оқып келді. Әрине, мұғалім мамандығын таңдаған жастарға қойылатын талап та күшейгені рас. Осы саладағы студенттердің стипендиясы 2,5 есе көбейгені де көңіл қуантарлық.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, 64 педагог «Үздік педагог» атанды. Еліміздің тарихында алғаш рет екі бірдей педагог «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болды. Оларға сондай-ақ, Алтын жұлдыз ерекше белгісі мен «Отан» ордені табысталды. Педагогтердің мұндай атаққа ие болуы Президенттің олардың еңбегін жоғары бағалауы және ұстаздар қауымына көрсеткен құрметі десек артық айтқандық емес.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының қолынан 23 педагог «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағын алды. Республикалық байқау қорытындысы бойынша тағы 64 педагог «Үздік педагог» атанды. Барлық 89 педагогке 3,6 миллион



он тенге көлемінде мемлекеттік сыйақы тағайындалды.

Педагогке көрсетілген лайықты құрметті ескеру қететін жайт, білім беру сапасына тікелей ықпал ететін факторлардың бірі – педагогтердің кәсібилігі екенін атап өту. Облыстық білім басқармасы ұсынған мәліметке сүйенсек, бүгінде өңірдің білім беру ұйымдарында 24 мыңнан астам педагог жұмыс істейді. 16 374 педагогтің (67,2%) жаңа жүйе бойынша біліктілік санаты бар. 9 мыңнан астам мұғалім (8 760 адам) біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

### Түлектерге гранттар бөлінді

Десек те, аймақта педагогтерге тапшылық азайған жоқ. Әлі де облыстағы білім ошақтарына 127 маман қажет. Бұл мәселе негізінен жас мамандар есебінен шешілуде. Жыл сайын білім беру ұйымдарына 600-дей жас педагог келетінін ескерсек, олардың басым көпшілігі облыстық

бюджет есебінен оқытылған түлектер. Соңғы 3 жылда жергілікті бюджет қаражаты есебінен 100 адам педагогикалық мамандық бойынша оқып шықты. Олардың бәрі білім беру ұйымдарына жұмысқа орналасты.

Биылғы оқу жылында педагогикалық мамандықтарға 20 грант бөлінді. Сондай-ақ, өткен жылдан бері «Мамандыққа жанамалай кіру» жаңа білім беру жобасы жүзеге асырыла бастады. Жобаға жоғары педагогикалық емес білімі бар 33 адам қатысып, осы жылы қайта даярлықтан өткеннен кейін мектептерде жұмыс істеуде.

Биыл 9 сыныптардың 15 мыңнан астам және 11 сыныптардың 7 мыңнан астам оқушылары мектеп бітірді. Сонымен қатар, «Алтын белгіге» 11-сыныптың 144 түлегі үміткер болды. Сондай-ақ, 16 мыңнан астам оқушы бірінші сыныптарға барды.

Кезекті тестілеу 16 мамырда басталып, 5 маусымға дейін жалғасты. Тестілеуге 5

992 түлек қатысты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3%-ға артық.

ҰБТ электрондық форматта, заманауи прокторинг және бейнебақылау жүйесі арқылы өткізілді. Тестілеу «U-FUTURE» ЖШС-нің 2 өңірлік тестілеу орталығының базасында ұйымдастырылды.

ҰБТ-ға тапсырылатын пәндердің саны өзгеріссіз қалғаны түлектер үшін үлкен олжа болды. Пәндердің үшеуі – міндетті, екеуі таңдау бойынша. Дегенмен «Оқу сауаттылығы» және «Математикалық сауаттылық» міндетті пәндері бойынша тапсырмалар саны 5 сұраққа қысқарды.

Сондай-ақ, биыл орта білім беруде басты жаңалық 5-8 және 10 сынып оқушыларының «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша тест тапсыруымен ерекшеленді. Білім ошақтарындағы жаңашылдықтар оқушылардың білім сапасының деңгейін жақсартуға негізделді.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

### ● БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

## 260 балабақша жөнделеді

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, 2025 жылы балабақша мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтуы 95%-ға дейін ұлғайту жоспарланған. Осы мақсатта биыл 260 мемлекеттік балабақшада қайта жөнделеді.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Балабақшаға бармайтын балалардың ата-аналарына әдістемелік қолдау көрсету мақсатында балалардың отбасылық жағдайда тәрбие алуы, дамуы және күтімі мәселелері бойынша кеңес беру пункті саны 4 245-ке дейін артады.

Сондай-ақ, мемлекеттік 260 балабақшада қайта жөндеу жұмыстары жүргізіліп, құрал-жабдықтар жаңартылады. 500 мың бала қазақ тілін терең оқыту бойынша «Тілге бойлау» пилоттық жобасына қатысады. Еліміздің барлық өңірінде «Ақша баланың соңынан жүреді» қағидаты бойынша мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарын вачерлік қаржыландыру жүйесін енгізу жоспарланып отыр.

Орта білім беруде 272 мың оқушыға арналған орын енгізу, ерекше қажеттілігі бар балалардың 90 пайызын арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау және ерте жастан түзету шараларымен қамту, физика, химия, биология, робототехника, STEM пәндері бойынша 1 мың заманауи кабинет сатып алу, 1,3 мың ауыл мектебін қайта жаңарту жобасын іске қосу жоспарлануда.

Оқу-ағарту министрлігінің ақпаратына сүйенсек, колледждерде техникалық және кәсіптік білім беру бағыты бойынша сұранысқа ие мамандықтарға (9-сынып түлектерін) 100% тегін оқытумен қамту, жұмысқа орналастыру міндеттесімен мақсатты тапсырысты 10 мың орынға ұлғайту күн тәртібінде. 80 колледждің материалдық-техникалық базасын инвестицияларды тарту арқылы нығайту және жабдықтау және колледждерде 10 шағын кәсіпорын ашу жоспарланған.

### ● РЕСМИ

## Еңбекақы екі есе өседі

Биыл азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысы 20 пайызға өседі.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында айтылған тапсырмасын орындау мақсатында биыл азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын орташа есеппен 20% -ға кезек-кезеңімен арттыру жалғасады.

Жалақыны көтеру 600 мыңға жуық азаматтық қызметшіге әсер етеді. Оның ішінде, бухгалтерлер, экономистер, заңгерлер, мұрағатшылар, кітапханашылар, мұражайтанушылар, орманшылар, техникалық персонал және тағы басқа мамандықтар бойынша жұмыс істейтіндер бар.

Осылайша 2022-2025 жылдар аралығында азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысы 2 есеге ұлғаяды.

### ● ДЕНСАУЛЫҚ

## Метапневмовирус қаншалықты қауіпті?

«Жаңа» деп айдарлап жүрген метапневмовирус – мамандардың айтуынша, жаңа емес, бұрыннан белгілі классикалық вирустардың бірі. Адам метапневмовирусы – әлемнің көптеген елдерде ондаған жылдар бойы таралған вирус түрі. Бұл вирустың штамдары Қазақстанда да тіркелді. Оның арнайы емі жоқ. Ем ауру белгілеріне қарай жүргізіледі.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мамандардың айтуынша, оның белгілері кәдімгі жіті респираторлық вирустық инфекция мен тұмауға ұқсас. Респираторлық аурулар секілді жөтел, мұрыннан су ағу, енгізу, тырысу, бас ауруы, дене қызуының көтерілуі – инфекцияның негізгі белгілері. Метапневмовирус негізінен ауа тамшылары арқылы беріледі. Кейбір жағдайларда тұрмыстық байланыс арқылы жұғуы мүмкін.

Денсаулық сақтау министрлігінің ресми мәліметі бойынша ел бойынша метапневмовирустың 30 жағдайы тіркелген. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті эпидемиология маусымының басында республика бойынша тұмауға жатпайтын вирустарға 8 360 үлгі зерттеген. Оның 1 866 (22%) үлгісі он нәтиже көрсетті. Атап айтқанда, паратұмау – 178



Суретшілік деректен

(9,5%), РС вирусы – 433 (23,2%), метапневмовирус – 30 (1,6%), риновирус – 680 (36,4%), бокавирус – 113 (6,1%), аденовирус – 226 (12,1%), коронавирусы – 206 (11,1%) деңгейінде анықталды.

Жалпы, эпидемиологиялық маусым басталған бірінші қазаннан бастап республикада жіті респираторлық вирустық инфекцияның 2 миллионнан астам жағдайы және зертханалық расталған тұмаудың

941 жағдайы, оның ішінде А(H1N1) типті тұмаудың 910 жағдайы, А-1(H3N2) жағдайы, В тұмаудың 30 тіркелді. Аймақта осы эпидемиологиялық кезеңде 50 мыңға жуық адам жіті респираторлық вирустық инфекциямен ауырғаны белгілі болды. Сонымен қатар, тұмаудың А-1 түрінің 16 жағдайы зертханалық тұрғыда дәлелденді. Тұмау емес түрлерінен риновирус, РС-вирус, аденовирус басым. Был

тыр қараша айында метапневмовирустың бір жағдайы тіркелгенін де атап өту керек. Жыл басынан бері тіркелген жаңа дерек жоқ.

Мамандар метапневмовирустың коронавирустаң да қатерлі екендігі туралы алып-қашпа сөздерге сенбеуді сұрайды. Қазір елде, сонымен қатар, бүкіл әлемде жіті респираторлық вирустық инфекция мен тұмаудың өршіп тұрған кезі. Сондықтан, мамандар халықты профилактика шараларын сақтауға және адамдар көп жиналатын жерлерге бармауға кеңес береді. Мұндай шектеулер, әсіресе, созымалы аурулары бар науқастарға қатысты. Себебі, аталған вирус осы санаттағы немесе иммунитеті әлсіреген адамдар мен балаларға қауіпті. Ауру асқина, бронхитке немесе пневмонияға өкелуі мүмкін. Ересектерде вирус әдетте жеңіл өтеді.

Ведомство тұмау мен жіті респираторлық вирустық инфекциялардың алдын алу үшін адамдармен, әсіресе, ауру белгілері бар адамдармен байланысты шектеу, үй-жайларды үнемі желдету, қолды тазартуға арналған антисептиктерді немесе дезинфекциялық майлықтарды қолдану сынды шараларды сақтауға шақырады. Бұл ретте ауру белгілері пайда болған кезде медициналық көмекке жүгінген абзал. Вирусқа байланысты қандай да бір шектеу шараларын енгізу туралы ресми қаулы шығарылмағанын да атап өткен орынды.

## «Ішiмдiкciз ауылға» iзгiлiк ұялайды



Қазiргi таңда облыс аумағында 60-тан астам ауыл iшiмдiкciз, саламатты өмiр салтына көшкен. Нәтижесi де он. Нақтырақ айтсақ, бiр жыл iшiнде бiрде-бiр қылмыс тiркелмеген.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл туралы облыс әкiмдiгi жанындағы Жастар iсi жөниндегi кеңесте полиция департаментi бастығының бiрiншi орынбасары Жасқайрат Қайыров егжей-тегжейлi айтып бердi. Отырыста жастар арасындағы қылмыстың алдын алу мәселелерi де талқыланды.

– Аймақта «iшiмдiкciз ауыл» жобасы сәттi жүзеге асырылу-

да. Қазiрдiң өзiнде 63 елдiмекенде тұрғындар алкоголь сатудан және салтанатты iс-шараларды спирттiк iшiмдiктермен өткiзуден толығымен бас тартты. Қабылданған шешiмнің сақталуын ауыл ақсақалдары бақылап отыр. Жоба жақсы нәтиже берiп, жыл басынан берi бұл елдiмекендерде қылмысқа жол берiлмедi, – дедi Жасқайрат Қайыров.

Оның мәлiмдеуiнше, «iшiмдiкciз ауылдар» облыстың барлық жетi ауданында бар. Көпшiлiгi Ақтоғай, Қарқаралы және Осакаров аудандарында.

Жиында бұл тәжірибенi аймақ бойынша кеңейту ұсынылды.

Құқық бұзушылықтарды көбiнесе адамдардың мас күйiнде жасайтыны атап айтылды. Бiрақ, жанжалдар алкоголь тұтынғанда



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКiМДiГi

ғана туындамайды. Сондықтан да, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, кәсiпкерлiктi қолдау, бос уақытты ұйымдастыру сынды әлеуметтiк шаралар назардан тыс қалмауы тиiс.

Жасқайрат Қайыров азаматтар мен жұртшылықтың құқықтық тәртiптi қорғауға қатысуы туралы да айтты. Мәлiмдеуiнше, жоғары оқу орындарында алты студенттiк жасак жұмыс iстесе, ауылдық жерлерде 14 жасак учаскелiк инспекторларға көмектеседi. Облыста құқық қорғау бағытындағы 144 қоғамдық құрылым бар.

Сонымен қатар, биыл қоғамдық тәртiптi қорғауды қамтамасыз етуге белсендi қатысқаны үшін 30-дан астам адам ақшалай сыйақы алған.

Облыс әкiмi Ермағанбет Бөлекпаев жастар қылмысының алдын алу бойынша барлық тиiмдi жобалар мен шараларды тиiмдi түрде қолдану қажеттiгiн айрықша атап өттi. Iшiмдiкciз ауылдың iлгерiлейтiнi де тiлге тиек етiлдi.

– Жасөспiрiмдер мен жастар арасындағы қылмыстың алдын алу – мемлекеттiк жастар саясатының басым бағыттарының бiрi. Бұл жұмысқа жастар ұйымдары мен үкiметтiк емес ұйымдар да тартылуы керек, – дедi Ермағанбет Қабдулаұлы.

*Сурет облыс әкiмдiгiнің сайтынан*

• ӘЛЕУМЕТ

## «Әлеуметтiк қызметкерге де көмек керек»

Парламент Мәжiлiсiнiң депутаты, Қазақстан Республикасы Президентi жанындағы Халықтың әлеуметтiк жағынан осал санаттарының құқықтары жөниндегi уәкiл Кенжегүл Сейтжан аймаққа iссапармен келдi. Ол өмiрдiң қиын жағдайына тап болған отбасыларға қолдау көрсететiн тұнғыш мемлекеттiк мекеме – Қарағанды қаласындағы Отбасын қолдау орталығының жұмысымен танысты.

**Салтанат IЛIIЯШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»



– Отбасыларға қолдау көрсететiн осындай орталықтардың болғаны дұрыс. Тұрмыста зорлық-зомбылыққа ұшырап, киналған кезде жалғыз қалмай, жан-жақты қолдаумен қатар, психолог, заңгер мамандардың кеңесiн алады. Одан бөлек, бұл орталықтың тағы бiр ерекшелiгi – егде жастағыларға да көмек көрсететiндiгiнде. Бұл – өте құптарлық дүние, әрi осымен тоқтап қалмай, оны дамыта түсу қажет, – дедi Кенжегүл Социалұлы.

Орталықтың бастышы Ләззат Қожахметова Отбасын қолдау орталығының жұмысы түрлi бағытта жүргiзiлетiнiн айтады. Атап айтқанда, бiрден бiрнеше қызмет түрi бойынша кеңес алып шығуға болады. Мәселен, мамандар мемлекеттiк бағдарламалар бойынша кеңес берiп қана қоймай, отбасылардың қоғамдағы жағдайын талдап, мониторинг жүргiзедi. Одан бөлек, жағдайы төмен отбасыларды анықтап, олардың еңбекке қабiлеттi мүшелерiн жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседi.

– Орталықта қолайлы психологиялық ахуалды қамтамасыз ету мен жанжалдың алдын алу мақсатында отбасы мүшелерiне психологиялық көмек көрсетiлдi. Сондай-ақ, психологиялық тренингтер өткiземiз. Алимент, мүлiк бөлу, несие борышын банкрот деп тану мәселелерi бойынша заңгердiң де кеңесi тегiн. Ай-

тар болсақ, өткен жылы барлығы 5 014 қызмет көрсетiлдi. Тiптi, мәдени iс-шаралар, семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер де ұйымдастырамыз, – дедi Ләззат Таймырқызы.

Орталық жанында тұрмыстық зорлық-зомбылық белгiлерi бар адамдарды қысқа мерзiмге орналастыратын үй-жай да бар. Ол жатын орындармен, тамақ әзiрлейтiн асүй техникасымен, кнiм жуатын машинамен, теледидармен және тағы басқалармен толық жабдықталған.

Ләззат Қожахметова мемлекеттiк және қоғамдық ұйымдардың, кәсiпкерлердiң, азаматтардың бастамашыл топтарының қолдауымен, түрлi қайырымдылық iс-шаралар да ұйымдастыратындарын айтады.

Орталықтың жұмысымен танысқан Кенжегүл Сейтжан болашақта әлеуметтiк қызметкерлердiң жалақысын көтеруге ұсыныс жасайтынын да жеткiздi.

– Қазақстан – әлеуметтiк мемлекет. Демек, бар байлығымызды тұрғындардың тұрмысын жақсартуға арнауымыз керек. Бұл ретте әлеуметтiк қызметкерлердiң үлесi зор. Сондықтан, олардың өзiн қамқорлыққа алу керек. Яғни, әлеуметтiк көмек көрсететiн қызметкердiң өзiне көмек керек! – дедi Кенжегүл Сейтжан.

*Сурет ұйымдастырушылардан*

• ӨНДІРІС – ӨҢІР ӨЗЕГІ

## Импортқа тәуелділік төмендейді

Облыстағы арнайы кокс шығаратын жаңа зауыт 2024 жылы табысты аяқтады. Аталған кәсіпорын жобалық қуатын тиімді пайдаланып, межелеген жоспарды асыра орындап, 478 мың тонна өнім өндірді. Бұл туралы «Шұбаркөл көмір» АҚ корпоративтік коммуникациялар қызметі мәлімдеді.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Дерекке сүйенсек, зауытта шығарылатын арнайы кокс импортқа тәуелділікті едәуір төмендетуге және ERG өндіретін отандық феррохромдағы казахстандық мазмұн үлесін арттыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның сәтті іске қосылуы мен жобалық қуатқа шығуы – Қазақстан экономикасын әртараптандыру және көміртегі ресурстарын қайта өңдеу саласындағы мақсаттарды іске асыру жолындағы кезекті кадам екендігі айрықша атап өтілді.

Кеншілер өлкесіндегі арнайы



кокс шығаратын зауыт 2023 жылы іске қосылғанын атап өткен жөн. Инвестиция көлемі 60 млрд теңгені құрады. Қазіргі уақытта зауытта 180-нен астам адам жұмыс істеп, нәпақа туып жүр.

Кәсіпорынның мәлімдеуінше, көмір химиясына негізделген инновацияларды енгізу жұмысы жалғасады. Бүгінде мұнда арнайы кокс, белсендірілген көмір, көмір шайыры мен май және сұйық ту-

мин тыңайтқыштары өндіріледі. Шұбаркөл разрезіндегі «Д» маркалы көмірі өндіріс үшін шикізат болатынын да атап өту керек.

*Сурет облыс әкiмдiгiнің сайтынан*

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

## Стартаптарға қолдау бар

Былтыр «Террикон алқабы» стартап экосүйесі Terricon Venture бөлімін құрды. Аталған бөлім стартаптарға инвестиция салу және аймақтағы инновацияларды қолдау үшін жеке венчурлық кор құруды көздейді.

Симбиоз нәтижесінде жеке инвесторларға қосымша табыс пен іскерлік байланыстар алуға мүмкіндік туса, стартап иелері қаржыландыру мен сараптамалық қолдауға қол жеткізеді.

– Terricon Venture бөлімі бизнес иелеріне венчурлық инвестициялау негіздерін меңгеруге, бірлескен инвестициялар арқылы тәуекелдерді азайтуға және технологиялық шешімдерді дамытуға үлес қосатын шараларды ұйымдастырады. Мұнда стартаптар материалдық ресурстарға ғана емес, тәжірибелі кәсіпкерлердің

құзыретіне де қол жеткізеді, – деп атап өтті «Террикон алқабы» CEO Сабыр Ниязов.

Кейінгі төрт айда Terricon Venture командасы екі бизнес-кемаришын мектебін өткізіп, онда венчурлық бизнестің елге белгілі сарапшылары және арнайы шақырылған спикерлер бас қосты. Кәсіпкерлер үшін республиканың жетекші бизнес-кемаришынларымен және инвесторларымен кездесулер ұйымдастырылды. Табысты стартаптардың негізін қалаушылар стартап иелеріне бизнес құру бағытында тәжірибесімен бөлісті.

Бұл жобаны дамытудағы маңызды кадам «Террикон алқабы» акселерациялық бағдарламасынан өткен болашағы бар төрт стартапқа бизнес-кемаришынларымен бірлесіп инвестициялау болғанын айту керек. Олар – 22AI, Zantech, Renda және Teleport 3D.

– Былтыр маусым айында «Акселератор» бағдарламасының жаңа кезеңдері іске қосылған сәттен бастап, бизнес-кемаришынлармен бірлесіп, төрт стартапқа 50 млн теңгеден астам қаржы салдық. Одан бөлек, бірнеше жобаны дамытуға гранттар бердік. Бұл – бастамасы ғана. Десе де, қазірдiң өзiнде бизнес-кемаришынлары мен стартаптардың әлеуетiн бiрiктiру айтарлықтай нәтиже беретiнiне көз жеткiздiк, – дедi Terricon Venture бөлiмiнiң басшысы Мария Жиркова.

Ендi, Terricon Venture бөлiмi бизнес-кемаришынлар клубының ресми ашылуын жоспарлап отыр. Бұл шара тәжірибе алмасу, әлеуеттi стартаптарды iздеу және технологиялық-инновациялық жобаларға қатысуға мүдделi кәсiпкерлердi қолдау алаңына айналмақ.

– Сiз жақсы идеяңызды қалай жүзеге асыруды бiлмесеңiз,



Террикон алқабының бизнес бағдарламаларына келіңіз. Үздік сарапшылар сізге табыс тауып қана қоймай, қоғамға пайда әкелетін өнім жасауға қол ұшын

береді, – дейді Zantech платформасының негізін қалаушы Сәуле Құсайынова.

Кәсібін жаңа бастаған қарағандылықтар аталған жобаға қы-

зығушылық танытып отырғанын атап өткен жөн.

**Өз тілшімізден**

*Сурет ашық дереккөзден*



ЖАҢА КІТАП

Прозаға тағы бір Төлен келді

«Астана ақшамы» газетінің шеф-редакторы, белгілі қаламгер, жерлесіміз Төлен Тілеубай прозаның ауылына ат байлап жатыр. Олай дейтініміз, жақында ғана «Түлкілітаудың аспаны» атты жаңа кітабының тұсауы кесіліп, оқырмандарына жол тартты.



Қасымхан БҰРКІТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Төлен Тілеубай әріптесімізді газет оқырмандары жақсы біледі. Бірнеше басылымда қызмет атқарған қаламгер ел ішіндегі мәселелерді өткір көтере білді. Түрлі тақырыпқа қаламы жүйрік журналист, тіпті, басылымның өткені мен келешегіне сараптама жасап, кітабын жарыққа шығарды. «Цифрлық жалайық»: Қазақстан газеттерінің бүгінгі мен ертеңі деген атаумен. Ол кітаптың тұсауын елге келіп, кесті. Қазақ журналистикасында өзіндік қолтаңбасы бар Төлен Зәрубайұлының көп жылғы еңбегі еленіп, былтыр Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ саласындағы сыйлығын иеленді.

Төлен әріптесімізге әдебиет әлемі таңсық емес. Журналистикаға ол өлең жазып келді. 2000 жылдардың басында «Жалын» журналының бір нөмері Қарағанды қаламгерлеріне арналған еді. Журналдың сол нөмеріне Төлениң де бір топ өлеңдері енді. Оның өршіл өлеңдеріне сазгерлер ән де жазды. Өзімен шығармашылық байланыста болған «Тамшылар», «Есіл ағды» және тағы басқа көптеген халықтың сүйікті әндерінің авторы, композитор, марқұм Ахмедияр Есмұханов «Көктемгі элегия», «Сенің бейнен» сияқты өлеңдеріне ән жазды. Бұл әндерді әнші-термеші, халықаралық ән байқауларының лауреаты Әлихан Дүйсенбай шырқап жүр.

Енді, міне, әдебиет әлемін аттаған жаңа туындысы жарық көріп жатыр. Сиясы кептеген «Түлкілітаудың аспаны» атты жинағына кітаппен аттас повесті мен әңгімелері топтасқан. Бұл – Төлен әріптесіміздің төртінші, ал, прозадағы тұңғыш кітабы. Повесті де тұңғыш туынды. Кітаптағы шығармаларға ауыл баласының арман-мұраты, жастардың мөлдір сезімі, адамгершілік, адалдық, мейірім арқау болған. Кітап мектеп жасындағы балаларға және көпшілік қауымға арналған. Жаңа кітап Қарағанды қаласындағы «Tengri» баспасынан 1000 данамен жарыққа шықты. Олай болса, Төлен Тілеубай әріптесіміздің жаңа кітабы оқырман азығына айналсын деген тілек айтамыз!

Сурет автордан

ЧЕМПИОНАТ

Үштікті түйіндеу – үздік нәтиже

Жерлестеріміз конькимен жүгіру спортынан ел чемпионатында сәтті өнер көрсетті. Атап айтсақ, әйелдер арасындағы командалық жарыста үздік үштікті түйіндеу, қола жүлде жеңіп алды. Надежда Егорова, Ирина Гутман және Евгения Габдульбарованың көрсеткен нәтижесі көз қуантты.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Чемпионатта еліміздің түпкір-түпкірінен жиналған кіл үздік спортшылар бақ сынасты. Облыс намысын 11 спортшы қорғап, қоланы қанағат тұтты. Қарсыластарымыз мығым дайындықпен келіпті. Әсіресе, Астана мен Алматы спортшылары шеберлігін байқатты. Өйткені, оларда толыққанды жаттығу жауабы бар жағдай қарастырылған. Өкінішке қарай, бізде жаттығуға арналған мұз айдыны жоқ. Біз негізінен жиындарға барғанда ғана дайындаламыз. Сондықтан да, қола медаль – жақсы нәтиже. Қыздар да спорт шебері нормативін орындады, – дейді облыстың конькимен жүгіру спортынан аға жаттықтырушысы Дмитрий Лазарев. Бұған дейін өткен жасөспірімдер арасындағы конькимен жүгіру спортынан

Қазақстан чемпионатында да қарағандылықтар жүлделі болған-ды. Командалық спринтте Павел Мананков, Михаил Бровко, Иван Дроздов және Иван Ширидянов бірлесіп өнер көрсетіп, үшінші орын иеленді. Командалық жарыста да қола жүлдені қанжығалады. Иван Дроздов, Михаил Бровко, Ерасыл Бақтырұлы, Иван Ширидянов егілігімен көзге түскен. Бұдан бөлек, ел чемпионатында, қарағандылық Павел Мананков 1500 метр қашықтықта жеке есеппен күміс еншілеп, спорт шебері нормативін орындады. Осы айда конькимен жүгірушілердің маусымы жалғасады. Алда ересектер мен жасөспірімдер арасындағы Қазақстан чемпионаты, Қазақстан Республикасы Кубогының аяқты сыны, төрт жылда бір рет өткізілетін Қазақстан Республикасы ересектер арасындағы спартакиаданың жалауы желбірейді.

ХОККЕЙ

Қарымта ойында да қапы қалды

Хоккейден Қазақстан чемпионаты тартысқа толып тұр. Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы үздік үштік үшін тартысып келеді. Өкінішке қарай, көкшетаулық «Арлан» командасына қос ойында да есе жіберіп, чемпионат кестесінің төртінші сатысына сырғыды.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Екі ойын да Көкшетауда өтті. Бірінші матчта жерлестеріміз тартысты ойын көрсеткен еді. Негізгі үш кезеңде де, қосымша уақытта да қақпасына шайба жібермеген. Бірақ, буллитта сәттілік жетіспей, бір гол өткізіп алды. Матч 1:0 есебімен аяқталған. «Сарыарқа» қарымта ойында кеткен есені қайтарудан үмітті еді. Бірақ, алаң иелері жеңіске масаттанбай, жинақы ойын өрнегін көрсетті. Матч басталысымен «Арлан» шабуылға көшті. Дегенмен, «Сарыарқаның» алыстан бағытталған соққылары өз нәтижесін берді. Қарағандылықтар бірінші болып есеп ашты. Гол авторы – Егор Кузьменко. Екінші кезеңнің отызыншы минутында қарсыластар та-

разы басын теңестірді. «Арлан» сапындағы Даниил Парамонов гол авторы атанды. Ал, отыз сегізінші минутта Андрей Кураков өз командасына шайба басымдығын әкелді. Екінші кезең 2:1 есебімен тоамдалды. Үшінші кезеңде жерлестеріміз есепті теңестіру үшін жанын салды. Қорғаныста да, шабуылда да ойдағыдай әрекет етті. Бірақ, ойға алғандары жүзеге асқан жоқ. Сәттілік жетіспеді. Бар күшін шабуылға жұмсаған қарағандылықтардың қорғанысын қарымта шабуылда Владислав Никولين бұзып өтті. Ол таблодағы есепті 3:1-ге жеткізді. Сөйтіп, жеңіске алаң иелері жетті. Қазір чемпионат кестесінің басында «Торпеда» командасы тұр. Ұпай саны – 48. Ал, екінші орынға 45 ұпаймен «Арлан» табан тіреді. Үшінші орында – 41 ұпай жинаған «Хумо». «Сарыарқада» ко-



мандасында да 41 ұпай. «Сарыарқа» командасының бас бапкері Владимир Князев қос ойынға қатысты сұхбат берді.

Сурет ашық дереккөзінен

ЖӘДІГЕР

Қоянды жәрмеңкесінің көзінде

Облыс музейлерінде өткен күнді көз алдыңызға әкеліп, қиялыңызды сонау ғасырларға жетелейтін жәдігерлер көп. Газеттің былтырғы сандарына онынан астамын жариялаған едік. Быыл да жалғастырмақ ниеттеміз. Осы жолы Қарқаралық тарихи-өлкетану музейінде сақталған сейф көңіл назарын өзіне бұрғызды.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл сейфті 1857 жылы неміс құрастырушысы Меллер Мәскеуде жасаған екен. «Меллер сейфі» деп аталады. Болаттан жасалған. Қызығы – сейфті Меллердің жасағанында емес, мұнда әйгілі Қоянды жәрмеңкесіндегі ақшаның сақталуында. Жәрмеңкеден түскен табыстың барлығы осында салынған деседі. Музейдің ғылыми қызметкері Сәтбек Сламбеков сейфтің сол күйінде сақталғанын айтады. – Өте сапалы жасалған. Екі ғасырға жуық уақыт өтсе де сырын бермеген. Музейге келгендердің барлығы осы сейфке қызығады. Музей қорына 2017 жылы Қарқаралық қазынашылық басқармасының басшысы Мұрат Тойынбеков тапсырған. Табанындағы «Меллер сәтбек» және «Москва СТ 1857г.» деген жазулары өте анық көрінеді, – деді Сәтбек Сламбеков. Атақты Қоянды жәрмеңкесінен түскен табысты сақтаған, көнеңің көзіндей болған сейфтің әлі де бірнеше ғасыр сақталары сөзсіз.

ТЕННИС

Әлем назарындағы Әмір

Халықаралық теннис федерациясы жариялаған жанартылған ITF жасөспірімдер рейтингінде он жеті жастағы қарағандылық теннисші Әмір Омарханов жеке рейтингте он позицияға көтерілді.

Әмір Омарханов қазір төртінші орында тұр. Ол өз мансабында алғаш рет үздік бестікке кіріп отыр. Бұған дейінгі маусымда Әмір Омарханов Қытайдың Бейжің қаласында өткен жеке турнирде топ жарды.

Сонымен қатар, үш бірдей ауқымды жұптық сайыста, оның ішінде, бейресми әлем чемпионаты болып саналатын Orange Bowl-да жеңіске жеткен еді.

Өз тішімізден



Сурет ашық дереккөзінен

Footer containing contact information for ORTALYQ QAZAQSTAN, including phone numbers, email addresses, and website information.